

Республикалық меншіктің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 23 маусым N 930

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Петропавл қаласы, Конституция көшесі, 3 мекен-жайындағы ғимаратты Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің коммуналдық меншігіне беру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және

жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп Солтүстік Қазақстан облысының әкімімен келісім бойынша, заңнамада белгіленген тәртіпте аталған ғимаратты қабылдау-тапсыру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қасымбеков Б.А.
Орынбекова Д.Қ.